

ӘОЖ 81'1

У. Г. Анесова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ph.D докторанты,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: a_ymit@mail.ru

Символдың мазмұнының кешенділігі мен мағыналарының теңдігі және имманентті көпмағыналылығы

Мақалада символдың мазмұнының кешенділігі мен мағыналарының теңдігі жайлы ойлар айтылған. Соған қоса символдың имманентті көпмағыналық қасиеті жайлы сөз етілген. Символдың кешенділігі оның бірлігімен диалектикалық тұрғыда арақатыста болады. Символдың мазмұнын құратындар өз-өздеріне бара-бар емес, бірақ олар жана мағына екі ұғымның амальгамасын береді. Символдың имманентті көпмағыналылығы онда мағыналық перспективаның бар екендігін көрсетеді, алғашқы мағынасының жойылуы барысында одан да абстрактілі болатын мағыналар тізбегі және оның ең соңғы, негізгі мағынасына жету мүмкін емес. Бұл жерде символдың осындай қасиеттерін ашу барысында троптарды да зерттеу қолға алынған. Мысалы, метанимиялық мағыналарда ауыспалы символикалық мағыналардың, оның гипосемасы болатын, тууының нүктесі тура мағынаның интенционалына немесе оның мүмкін болатын импликациясына (яғни оның міндетті немесе көзге көрінетін) сәйкес келеді.

Түйін сөздер: кешенділік, символикалық мағына, имманентті көпмағыналылық, интенционал, тура мағына, ауыспалы мағына, троп.

У. Г. Анесова

Комплексность содержания и равноправие значения символа и имманентная многозначность

В статье рассмотрены комплексность содержания символа и равенство значения. А также идет речь о имманентной многозначности символа. Комплексность символа диалектически соотносится с его единством – составляющие содержания символа не тождественны самим себе, но дают новую сущность, амальгаму двух значений (понятий). Имманентная многозначность символа означает наличие у него смысловой перспективы, цепочек значений, все более абстрактных по мере удаления от исходного значения, а также невозможность постичь его последний, главный смысл. Для большего понимания вышеуказанных свойств символа также исследуются тропы. Например, в метонимических символах точки порождения переносного символического значения, которые становятся его гипосемой, соответствуют интенционалу прямого значения или его жестковероятностным импликациям (т.е., его обязательным или существенным признакам).

Ключевые слова: комплексность, символическое значение, имманентная многозначность, интенционал, прямое значение, переносное значение, троп.

U. Anessova

Complexity of the contents and equality value of a symbol and immanent polysemy

The article is devoted to the combined content of the symbol and its meanings equality. Also here is given immanent polysemy of symbol. In order to define all given features of symbol comparative analysis of tropes is done. Compound of a symbol dialectically corresponds to its unity - the making maintenance of a symbol isn't identical to themselves, but gives new essence, amalgam of two values (concepts). The immanent polysemy of a symbol means existence in it semantic prospect, chains of values, more and more abstract in process of removal from a reference value, and also impossibility to comprehend its last, main sense. For more understanding above-stated features of a symbol are also investigated. For example, in metonymical symbols appearance of figurative symbolical sense which become its giposemy, correspond intensional of a direct sense or to its mostly possible implikation (i.e., to its obligatory or essential signs).

Key words: combined, symbolic meaning, immanent polysemy, intentional, direct meaning, indirect meaning, trop.

Символдың маңызыды қасиеттерінің бірі болып олардың мазмұнының кешенділігі және мағыналарының теңдігі болып табылды. Символ сөзінің өзі «symballein» (қабаттап салу) деген грек етістігінен және «symbolon» (екі жақ бір бірін тану үшін және «өзінікі» мен

«бөтендерді» ажырату үшін бөліп алған тиынның жартсы) деген зат есімнен тұрады. Символ тең білімдердің конгломераты ретінде жүреді. Символдың бұндай қасиеттері оны аллегория мен схемадан және троптардан принципіалды ерекшелігін көрсетеді. Символ-

дың мағынасының кешенділігі мен теңдігі неміс классик философтарымен, соның ішінде Ф.В. Шеллингпен қарастырылған.

Соның ойын жалғастыра отырып А.Ф. Лосев «символда «ішкі» мен «сыртқының», идея мен образдың, «идеалды» мен «реалдының» арасында толыққанды теңдік бар» деп атап өтеді. Егер схемада «идея» «күбылыспен» теңдестірілсе, кейінгісі жаңа ешнәрсе алып келмей соның артынан механикалық түрде жүре береді... ал аллегорияда «күбылыс» пен «образдың» теңесуі сондай, соңғысы жаңа ештеңе алып келмей күбылыстың артынан механикалық тұрғыдан жүреді..., кейде символда «идея» да «образға» жаңа нәрсе алып келсе, «образ» да «идеяға» айтқысыз жаңа нәрсе береді...» [1, 40].

Символдың кешенділігі оның бірлігімен диалектикалық тұрғыда арақатыста болады – символдың мазмұнын құратындар өз-өздеріне бара-бар емес, бірақ олар жаңа мағына екі ұғымның амальгамасын береді. А.Ф. Лосев былай дейді: «Алайда ол (символ) болмыстың екі жоспарының кездесуі болса да, олар толық, абсолютті айырмашылығы жоқ болып берілген...» және жоғарыда: «идея» тек жай ғана «образдылықтың» үйлестігімен емес, ал «идея» мен «образдың» теңдігімен көрсетіледі, «образ» да дәл солай алшақтанған «идеяның» үйлестігінен емес, екеуінің теңдігі болып табылады [1, 40].

Символдық мазмұнның құрылымы тұрғысынан қарасақ, символдар мазмұн жоспарының ортақ кешені бар күрделі таңба болып табылады, ол мағыналардың (тілдік қатынаста) немесе концепттердің (мазмұндық-логикалық қатынас) қосындысы мен қиысуынан пайда болады. Символдарда қосу принципі жүреді – логикадағы көптіктерді қосу операциясына сәйкес келетін ұғымдардың қиысуы (мағыналардың).

Символдағы тура мағына өзінің жекелігін сақтап қалады да, оның қалыбы абстрактілі символикалық мағынасының қатынасына тепе-тең. Символдың тура және ауыспалы мағынасы онтологиялық тұрғыдан түсіндіріледі.

Образ (көрініс немесе нақты, жеке ұғым) бен идея (жалпы, абстрактілі ұғым) бір-бірін айқындау үшін символикалық байланыста жүреді. Абстрактілі нақты арқылы көрсету үшін нақты мазмұнда абстрактілі идея кодталған, бірақ абстрактілімен нақтыны да кодтауға болады, ол оның идеялық мағынасын көрсету үшін жасалады. Ұғымдар мен «ойлаудың көрінісін» байланыстыратын символизация екі қарама-қарсы мүшелерді байытады [2, 51].

Абстрактілі (жалпы) және нақты (жеке) қабылдау мен танымның өте маңызды объектілеріне жатады: ой нақтыдан абстрактіге қарай да, абстрактіліден нақтыға қарай да қозғалады. «...«күн» «алтынның» символы, алайда «алтын» да «күннің» символы. Символикалық қатынас бір-біріне ауысу (взаимообратимость) қатынасы болып табылады [3, 7]». Символда екі объект те, референт және денотат, теңқұқылы болады.

Символдың троптармен, метонимия, синекдоха, метафора және синестезия, транспозицияның негізгі типтерін бөліскеніне қарамастан, символдағы екінші мағына алғашқысындағы архисеманы басып алмайды (метонимия мен синекдохада сияқты) және азайтпайды (метафорада немесе синестезияда сияқты), ондағы мағыналар тең дәрежеде жүреді. Соған қоса, транспозиция типі мағыналық ядролардың – интенционалдардың – тура және ауыспалы мағыналарының жақындық деңгейіне ықпал етеді.

Метаномиялық мағыналарда ауыспалы символикалық мағыналардың, оның гипосемасы болатын, тууының нүктесі тура мағынаның интенционалына немесе оның мүмкін болатын импликациясына (яғни оның міндетті немесе көзге көрінетін) сәйкес келеді. Мысалы, К. Мидлтонның «The Thousand Things» атты өлеңінде «жүзімнің кеуіп қалған және жасыл жапырағы – өлім мен өмір» символы, бұл жерде тура мағыналардың интенционалы ауыспалыға гипосема құқығында қосылады: (кеуіп қалған жапырақтар – өліп қалған бұтақ, жасыл жапырақ – тірі бұтақ). Х.Немеровтың «Brainstorm» атты өлеңінде «қарға – найзағай, жаман ауа-райы» символы, бұнда тура мағынаның интенционалы ауыспалы қатынаспен мүмкін болатын импликация (қарғаның қарғалауы найзағайды шақырады) арқылы байланысты.

Сема «тудыратын» метафоралық символдар қатты және әлсіз деңгейде мүмкін болатын алғашқы мағынаның импликациясын құра алады. Соған байланысты пайда болған мағынаның интенционалы көп жағдайда алғашқы мағынаның интенционалынан алшақ болады. Ауысудың негізінде жатқан ұқсастық тура және ауыспалы мағыналардың ортақтығының деректі немесе дерексіз сипатының немесе олардың арасындағы ұқсастығы бар стереотиптік ассоциацияның болуымен негізделеді. Интенционалдардың тура және ауыспалы символдық мағыналарының бір-бірінен алшақ болуы мынадай метафоралық символдардан

көрінеді: М.Хэмберджердің «Tides» өлеңіндегі «теңіз – циклдылық, уақыт айналымы» (толқындардың қимылы уақыттың айналым әрекеттерінің жасалуы сияқты қайталаңады), Т.С. Элиоттың «Burnt Norton» («Төрт квартет» циклі) өлеңінде «раушан гүлі бағы – махаббат пен рухани таным» (раушан гүлі бағы мен махаббат сұлулық, гармония ассоциациясымен сәйкес келеді) символы.

Кешенділік троптарға да тән – құрамында кешенділік бар екінші оқазоналды номинацияның таңбаларына тән және олардың құрамында екі мағынаның да интенционалды сақталады. Соған қоса, троптарда тура мағынада ауыспалы мағынаға деген бағынушылық мәртебесі басым. Троптың мақсаты – бір ұғымның спецификалық қасиеттерін басқаға ұқсату арқылы ашу. Тропта ауыспалы мағына – танымның объектісі – негізгі болып табылады, бұл уақытта тура мағына екінші қатарда болады.

Ономасиологиялық көзқараспен қарасақ, тура мағынаның денотатының белгілерін ауыспалы мағынаның референтіне ауысуын сөз етеміз, бұнда бірінші өзінің белгілерін кейінгіге берген уақытта «соның ішінде жоғалғандай (өлгендей)» болады... [3, 6]. Метафораны жалпы квалификативті белгілердің узуалды денотаттан референтке ауысуы деп көруге болады; метонимия – олар денотат пен референт арасындағы заттық-логикалық байланысты көрсететін белгілердің тасымалы (іргелестік, шектестік және т.б.); синекдоханы – бөлшек (денотат) белгілерін бүтінге (референт) немесе бүтінді (денотат) бөлшекке (референт) ауыстыру.

Мазмұндық мағына аспектісінде троптарда әрекет ететін негізгі принциптер – мағыналардың қосылуы және қиысуы, бірақ символдағыдай мағыналардың қосылуы қатар қолданылмайды: 1) тура мағынаның интенционалының ауспалы мағынаның интенционалына гипосема құқығында қосылуы – метонимия, 2) тура мағынаның барлық сигнификатының ауыспалы мағынаның интенционалына типосема құқығында қосылуы, 3) тура мағынаның интенционалының ауыспалының импликационалымен қиысуы және тура мағынаның ауыспалы мағынаның қиысу аймағымен бірігуі – метафора, 4) ұқсас коннотация негізіндегі мағыналардың қиысуы – синестезия [4, 25].

Символдың имманентті көпмағыналылығы онда мағыналық перспективаның бар екендігін көрсетеді, алғашқы мағынасының жойылуы барысында одан да абстрактілі болатын

мағыналар тізбегі және оның ең соңғы, негізгі мағынасына жету мүмкін емес. Символдың имманентті көпмағыналылығының идеясы бастауын идеологиялық діни дәстүрден алады, онда ол діни символдың трансцендентальдық идеясында көрсетілген. Осы дәстүрдің жалғасы ретінде И.Кант, Ф.В. Шеллинг, Г.В. Гегель, И.В. Гете символды ақиқатты танудың, күдіретті мағынаның әдісі деп қарастырған. Гетенің айтуы бойынша, «қасиеттімен ұқсасу барысында ешқашан тікелей танымды болдыртпайтын» барлық нәрсенің (все сущее) мағынасы бар. Біз оны тек мысалда, символда, туыс немесе туыс емес құбылыстарда ғана тамашалаймыз» [5, 354]. Заттық шындықтың құбылысы символдың мәні, қасиетті идеялардың іске асуы, «абсолюттінің образды көрінісі». Осы идеяның ары қарай жүзеге асуы П. Флоренскиға тиесілі, ал батыста – М. Хайдеггер мен Э. Гуссерлю.

Символдың имманентті көпмағыналылығы тек діни адамдарды ғана толғандырған жоқ. Символизм теоретиктерінде олар мистикалық, эзотерикалық пен символ туралы пікірлерде пайда болды. А.Белый былай деп жазған: «алуан жүзді, көпмағыналы және соңғы тереңдікте тақырыпты... Суретші өзі таңдап алған символды суреттесе, адамның сөзі үшін ол ұлан-байтақ және айтқысыз болады» [2, 128].

Имманентті көпмағыналылық жайды әлдеқайда формалды амалды символды анықтауда А.Ф. Лосев қолданған. Оның ойынша, символ математикалық функция сияқты «осы алғашқы қызметті шексіз мүшелер қатарына қояды, бұл жерде әрқайсысы өзінің осы қатардың басқа мүшелерімен және алғашқы қызметінің заңды байланысының негізінде қалған мүшелер мен солардың қызметіне балама (эквивалент) және өзінің табиғаты бойынша амбивалент болады» [1, 325].

Символдың функционалды табиғаты жайлы идея шетел ғылымында да орын табады. В. Хиндерер корреляциялық нүктелердің негізіндегі символдың мағынасының аккумуляциясы жайлы айтады [Hinderer 1968]. К.Леви-Строс үшін мифологиялық әлем бейнесінің құрылымында қандай да бір негізгі нүктелер тәріздес, олар кодтардың иерархиясымен сәйкес түрлі классификаторлармен толықтырылады (мысалы, вегетативті кодқа арналған өсімдік, жануар зооморфты код үшін және т.б.). Символға қатысты осы «формалданған» (формализованный) амалдардың негізінде жасалатын негізгі қорытынды – символдың «соңғы, шекті» мағы-

насын іздеудің қажеті жоқ, біз көңілімізді символды түсініп қабылдау үшін туындаған мағыналарға және символдағы мағыналардың корреляция нүктесіне бөлгеніміз жөн.

Имманентті көпмағыналық қасиетке символдың комплементарлығы кіреді, оған Ф. Уилрайт «плюрисигнация» терминін берген – абсолютті қарама-қарсы мағыналарды беретін семантикалық көптілік. Комплементарлық заңы «примитивті» символдарға тән, себебі коллективті ойлау қарама-қайшы емес заң немесе сыртта қалған үшінші заңды қолдануды да, тұжырымдауды да қажет етпейді [6, 152]. Әлем түтігін (трубка мира) тарту индейцтер үшін әрі соғысты, әрі тыныштықтың символы, одан шығатын түтін бұлттар тәріздес: жамандықты білдіретін дауыл бұлттары және астық беретін, тайпаның саулығы мен тыныштығын білдіретін жауын бұлттары тәрізді [6, 219].

Поэзиядағы символдың имманентті көпма-

ғыналылығының хрестоматиялық мысалын біз Т.С. Элиоттың «Төрт квартетінен» шыққан «Little Gidding» өлеңінен көре аламыз. Көгершіннің образы бомбалаушыны да, Қасиетті Рухтың да символы болып табылады (алайда, контекстте «бейбітшілік әлемі» деген мағына жүзеге аспайды). Оттың образында қасірет пен өлім қатар рухани тазалану арқылы жүретін тозақтың да, мақшардың да (чистилище) символы болып тұр.

Имманенттік көпмағыналылықпен қатар символдың мағынасындағы шекараның көмескілігі байқалады. П. Рикердің айтуынша, оның себебі символда екі шындықтың кездесуі – лингвистикалық және лингвистикалық емес [7, 93]. Бұған ұқсас ойды анық емес реңктердің кешені түрінде жүретін мағынаның айқын бір жерге топталған орталығы ретінде өмір сүретін «жұмсақ фокус» немесе амбиваленттілік терминімен атаған Ф. Уилрайттан көре аламыз («a penumbra of vagueness») [6, 220].

Әдебиеттер

- 1 Лосев А.Ф. Проблема символа и реалистическое искусство. – М., 1976.
- 2 Мантатов В.В. Образ, знак, условность. – М., 1980.
- 3 Косиков Г.К. Два пути французского постромантизма: Символисты и Лотреамон // Поэзия французского символизма. Лотреамон. Песни Мальдорора. – М., 1993.
- 4 Никитин М.В. Лексическое значение слова. – М., 1983.
- 5 Гете И.В. Избранные философские произведения. – М., 1964.
- 6 Wheelwright P. The archetypal symbol // Perspectives in literary symbolism. – V. I. – The Pennsylvania State University Press. – University Park; London, 1968.
- 7 Ricoeur P. Interpretation theory: discourse and the surplus of meaning. – Fort Worth: Texas Christian University Press, 1976.

References

- 1 Losev A.F. Problema simvola i realisticheskoe iskusstvo. – M., 1976.
- 2 Mantatov V.V. Obraz, znak, uslovnost'. – M., 1980.
- 3 Kosikov G.K. Dva puti frantsuzskogo postromantizma: Simvolisty i Lotreamon // Poeziya frantsuzskogo simbolizma. Lotreamon. Pesni Mal'dorora. – M., 1993.
- 4 Nikitin M.V. Leksicheskoe znachenie slova. – M., 1983.
- 5 Gete I.V. Izbrannyye filosofskie proizvedeniya. – M., 1964.
- 6 Wheelwright P. The archetypal symbol // Perspectives in literary symbolism. – V. I. – The Pennsylvania State University Press. – University Park; London, 1968.
- 7 Ricoeur P. Interpretation theory: discourse and the surplus of meaning. – Fort Worth: Texas Christian University Press, 1976.